

## Сұрақтар:

1. Пан Ги Мунның сөзін «Әлем тұщы су үшін соғыс жағдайына жақындады» түсіндіріңіз.
2. ҚР неліктен су мәселесі түйындайды?
3. ҚР су ресурстарының ахуалы қандай?
4. «Ақ бұлақ-2020» бағдарламасы неліктен қабылданды? Осы бағдарламаның мақсаты қандай?
5. ҚР су мәселесінің шешу жолдары қандай?

### Қазақстанның ауыз су мәселесі

Бүгінгі таңда Жер шарындағы тұщы судың тапшылығы жылына 230 млрд метрге<sup>3</sup> жеткен екен. Ал әлемдегі 2,5 млрд халық сапалы ауыз суға қол жеткізе алмай отыр делінеді. Алдын ала жасалған болжамдарға сүйенсек, 2025 жылға қарай тұщы су тапшылығы 1,3-2,0 триллион текше (куб) метрге жетуі де әбден ықтимал. Соның барлығын саралай келе, халықаралық сарапшылар 2030 жылдары планета тұрғындарының 47 % тұщы су жетіспеушілігінен зардап шегетінін алға тартады. БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мунның: «**Әлем тұщы су үшін соғыс жағдайына жақындады**» деп атап көрсетуі де сондай қауіп-қатердің мәнін барынша аңғартса керек. Мәселен, БҰҰ сарапшыларының зерттеулеріне қарағанда, 2020 жылдан кейін әлемнің 22 ірі мегаполисі құбырлар арқылы келетін тазартылған судың жетіспеушілігіне ұшырайды. Құрғақшылық әсіресе «Қара құрлық» пен Аспан асты елінде қатты білінеді-міс. Соның салдарынан Африка халқы Еуропаға шұбырады, Қытай да ұлы көші-қон үдерісінен қашып құтыла алмайды. Бұдан бөлек, 2025 жылға таман трансұлттық корпорациялар дамушы елдерден орасан зор көлемде тұщы су көздерін сатып алады. Нәтижесінде жаһандық нарықта су экспорты халықаралық алып бизнеске жол ашады.

Орталық Азия өңіріндегі су проблемасы да күн тәртібінің ең өткір дүниесі болып табылады. Оның ішінде Қазақстандағы су проблемасы жыл өткен сайын өзектеніп бара жатқаны сөзсіз. Мемлекет басшысы былтырғы жылдың желтоқсанындағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында да осы мәселеге арнайы тоқталған еді. Елбасы осы тарихи Жолдауында жаһан жұртшылығының алдындағы су тапшылығының сын-қатерін ерекше атап өткен болатын. «Су - барынша шектеулі ресурс және оның көздерін иелену үшін күрес жер бетіндегі шиеленіс пен жанжалдар себептерінің бірі ретінде, қазірдің өзінде геосаясаттың аса маңызды факторына айналып отыр. *Сумен қамтамасыз ету проблемасы біздің елімізде де өткір болып отыр. Бізге сапалы ауыз су жетіспейді.* Бұл проблеманың геосаяси астары да жоқ емес. Қазірдің өзінде біз трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалануда бірқатар мәселелермен бетпе-бет келдік. Аталған мәселенің күрделілігіне қарамастан, біз оны саясаттандыруға жол бермеуге тиіспіз», - деген болатын Президент Н. Назарбаев.

Еліміздегі сапалы судың мәселесі *соңғы жылдары тым күрделеніп* кетті десе де болады. Мысалы, жыл сайын тұтынылатын таза су көлемі арта түсуімен қатар, кейбір мәліметтерге жүгінсек, Қазақстандағы «тіршілік көзінің» басым бөлігі «біршама» және «аса жоғары» деңгейде ластанған. Ал судың бұлай ластануына негізінен табиғи-климаттық, антропогендік факторлар әсер етіп отырған көрінеді. Дәл осы мәселелер өткен аптада Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің былтырғы жылды қорытындылаған алқа мәжілісінде де сөз болған еді. Енді соған кеңірек тоқтасақ.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің зерттеулеріне сүйенсек, еліміздегі *мониторинг жүргізілген* су нысандарының 16 % ғана таза, ауыз су ретінде пайдалануға әбден болатындығын көрсеткен. «Мемлекеттік мониторингтің нәтижесінде 88 су нысанының 13-і ғана «таза» деп танылды. Бұл зерттелген су нысандары жалпы санының 16 % ғана құрайды. Қалған 84 % «біршама ластанған» және «ластануы аса жоғары» деп жіктелді. Ластану себебі табиғи-климаттық, сонымен қатар антропогендік факторларды құрап отыр», - дейді Қоршаған ортаны қорғау министрі Нұрлан Қаппаров осыдан біраз бұрын өткен алға мәжілісінде. Бұдан бөлек, елімізде су тазалау құрылғылары жұмысының

тиімсіздігіне байланысты экологиялық ахуал да күрделене түскен. Кәріздік (канализация) тазалау құрылғылары экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі маңызды құрамдас болып саналғанымен, ағынды суларды тазалау технологиясы деңгейінің төмен болуы суды қайта пайдалану жүйесін жандандыруға мүмкіндік бермейтіні тағы бар.

Түйіндей айтатын болсақ, Қазақстандағы таза су қоры қазірдің өзінде 3 пайызды ғана құрайды екен. Ал егер 1950 жылдары елімізде 120 млрд метр<sup>3</sup> шамасында су қоры болса, қазір оның көлемі 100 млрд метрге<sup>3</sup> дейін кеміген. Еліміздегі 100 текше шақырымды құрайтын жер үсті су қорының 58 % ғана республика аумағында жинақталады екен. *Ал қалған су қоры көршілес* мемлекеттердің аумағынан, нақтылап айтсақ, Ресейден, Қытайдан, сондай-ақ Қырғызстан мен Өзбекстаннан бастау алатын трансшекаралық өзендердің суымен толығады.

Осындай елдегі «тіршілік көзіне» қатысты ерекшеліктерді ескере келе елімізде былтыр 2011-2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ-2020» бағдарламасы қабылданып жүзеге аса бастағаны белгілі. Бағдарламаның **мақсаты** - қалалар мен ауылдық елді мекен тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету. Сондай-ақ, бағдарлама аясында сумен жабдықтаудың жаңа нысандарын салу мен бұрыннан қолданыста келе жатқан нысандарды қайта жөндеу кезінде жүйелі жолдарды енгізу, елді мекендерде сумен жабдықтау жүйесін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету шаралары көзделеді. Оны жүзеге асыру екі кезеңмен реттелетіні көзделеді. Бағдарламаның *бірінші сатысы* 2011-2015 жылдарға, *екінші* кезеңі - 2015-2020 жылдарға есептелген.

Сондықтан да, Президент Нұрсұлтан Әбішұлы өз Жолдауында еліміздің су ресурстарына қатысты *жаңа саясат тұжырымдау қажеттігін алға тартқан болатын*. Оның ішінде Елбасы ауыл шаруашылығы мұқтаждығы үшін Қазақстанға аса көп су көлемі қажеттігін айтып, бірқатар тапсырмаларды жүктеген болатын. «Басқа елдердегі, мысалы, Аустралиядағы сумен қамтамасыз ету проблемаларын шешудің озат тәжірибесін мұқият зерделеп, оны біздің жағдайымызда пайдалануға тиіспіз. Екіншіден, *бізде елеулі қоры бар жерасты суларын өндіру мен үнемді пайдаланудың ең озат технологияларын енгізу қажет*. Үшіншіден, агроөнеркәсіп секторында *ылғал үнемдеу технологиясына кешенді түрде ауысуға тиіспіз*.

Бұдан бөлек, Президент 2050 жылға қарай Қазақстан сумен қамтамасыз ету проблемасын түбегейлі шешуді жүктеді. Үкіметке дәйектілікпен, бірінші кезеңде 2020 жылға қарай - тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету, 2040 жылға қарай суару проблемасын шешетін ұзақмерзімді бағдарлама жасауды тапсырды. Әлбетте әлемнің назары ауып отырған су мәселесі биліктің араласуынсыз шешу көп жағдайда мүмкін емес тәрізді. Дегенмен, тұщы судың тапшылығы проблемасында ең алдымен азаматтарды *тәрбиелеуге* барынша мән берілген, суды үнем-шілдікпен пайдалануға азаматтарды үйреткен орынды. Мынадай мәліметтер де бар: егер пайдаланылатын су 100 % есептеліп тұратын болса, яғни адам өзі ағызатын судың ақшаға есептеліп ағатынын, оның әр литрі үшін ақша төлеуі керектігін біліп жүрсе, онда суды үнемдеу мөлшері 40 % дейін жетеді екен. Сондықтан да су проблемасын қаржыға қарай ысыра бермей, оны пайдаланатын әрбір азаматтың үнемшілдікке *қатысты мәдениетін* көтерген абзалырақ.

Пайдалаған сілтеме: **Су ресурстары мен оны үнемдеуге қатысты жаңа саясат қажет**  
Қанат Солтанғұл

[http://bnews.kz/kz/news/archive/analitika/su\\_resurstari\\_men\\_oni\\_unemdeuge\\_katisti\\_zhana\\_say\\_asat\\_kazhet-2013\\_02\\_11-692579](http://bnews.kz/kz/news/archive/analitika/su_resurstari_men_oni_unemdeuge_katisti_zhana_say_asat_kazhet-2013_02_11-692579)